

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ТӘКЕЙ ЕСЕТОВ
АТЫНДАҒЫ №264 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ШКОЛА-ЛИЦЕЙ №264
ИМЕНИ ТАКЕЯ ЕСЕТОВА» ОТДЕЛА
ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ
ҚЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ
ОБРАЗОВАНИЯ ҚЫЗЫЛОРДИНСКОЙ
ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

«31» 08 2023 ж.

Қызылорда қаласы

ПРИКАЗ

№ 384

Город Кызылорда

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыру туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 және «Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына 2022 жылғы 8 тамыздағы №554 3 тармақ 4 бөліміне «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты негізінде 2023-2024 оқу жылында әлеуметтік аз қамтылған білім алушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1.1-11 сыныптар бойынша Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік көрсетілген қызмет стандарты негізінде 526 білім алушы тегін тамақпен қамтамасыз етілсін. (қосымша ___ бет)

2. Тамақ өндірісінің сапасына, тағамдарды дайындау технологиясына тоңазытқыш-технологиялық жабдықтардың жарамдылығына, өнімдердің және дайын тағамдардың сақтау мерзімдері мен жағдайларының сақталуына мониторинг жүргізілсін.

3. 2023 жылдың 31 тамыз айынан бастап әлеуметтік аз қамтылған білім алушылардың тегін тамақпен қамтылуы қалалық білім бөліміне қарасты Т.Есетов атындағы №264 мекиеп-лицейінің 31.08.2023 жылғы №46 келісім шартына сәйкес ТОО «Оңдасын и К» Тілеубайқызы Раушанға міндеттелсін.

4. Перспективалық ас мәзірінің және тағамдар ассортиментінің тізбесі қалалық тұтынушылар құқықтарын қорғау басқармасымен бекітіліп, ауыз су, дайын тағам өнімдер сапасының және мектеп асханасындағы II ауысымдағы оқушылардың тамақтануы кезіндегі санитарлық ережелерін сақталуын және асқазан, бауыр және басқа маңызды органдардың күрделі ауруына алып келетін коммерциялық сусындарды, тез дайындалатын тамақтарды (гамбургер, хот-дог, чипсы, сағыздар және т.б) сатуға тыйым салынып, өнімдердің қауіпсіздігін растайтын құжаттардың (сертификат, ветеринарлық анықтамасы) болуын қадағалау, тегін тамақтың сапасын, санитарлық гигиеналық талаптарын бақылау мектеп аяжаны З.Абасиловаға міндеттелсін.

5. Оқушылардың тамаққа уақытылы баруы күнделікті тіркеліп, дәлелді себептермен сабақта болмаған жағдайда сынып жетекшілерінің ескертуін және сынып жетекшілерінің ай сайынғы мәлімет өткізуін қадағалау мектеп әлеуметтік педагогы М.Абдуллаеваға жүктелсін.

6. Тегін тамаққа тізімге алынған білім алушылардың уақытылы тамаққа баруын қадағалап, оқушылардың толық баруын қамтамасыз ету сынып жетекшілеріне тапсырылсын.

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына және 2015 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрықтың 10 қосымшасына сәйкес оқушылардың құжатын ата-аналардан қабылдап, тізімін жасау және бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.Абдигапбаров пен мектеп әлеуметтік педагогы М.Абдуллаеваға тапсырылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп-лицей директоры



Б.С.Тумурзаев